

"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" КММ Ережесін бекіту туралы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 457 қаулысына өзгерісжәне толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 75 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" КММ Ережесін бекіту туралы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 457 қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

Ережеде "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" КММ көрсетілген қаулымен бекітілген:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 17-2-тармақшамен толықтырылсын: "Мандайшаны аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналастыру туралы хабарламаларды "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдауды және қарауды жүзеге асыру".

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" КММ қамтамасыз етсін:

1) Осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінін реисми жарияланғаннан кейін интернет-ресурста орналастыру, "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" КММ туралы Ережеге енгізілген өзгерісжәне толықтыру әділет органдарын хабардар ету.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тайынша ауданының әкімі

Б. Әлжанов

Солтүстік Қазақстан  
облысы Тайынша ауданы әкімдігінің

2025 жылғы \_\_\_ наурыздағы

№ \_\_\_ қаулысымен бекітілген

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесінетолықтыру тізбесі**

15-тармақ мынадай мазмұндағы 17-2-тармақшамен толықтырылсын: "Маңдайшаны аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте орналастыру туралы хабарламаларды "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қабылдауды және қарауды жүзеге асыру".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК